

МЕЙРАМБЕКОВ АСЛАН ҚУАНЬШҰЛЫ

XX Ғ. ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XXI Ғ. БАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДАҒЫ КЕҢЕСТІК КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАРИХЫ

АННОТАЦИЯ

8D02202 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін диссертация

Тақырыптың өзектілігі. Мәдениет әрқашан кез келген халықтың ұлттық бірегейлігі мен өзіндік санасының ажырамас бөлігі болып келген. Осы тұрғыда, Қазақстандағы кеңестік кезеңдегі мәдени үдерістерді зерттеу ерекше маңызға ие болуда. Кеңестік модернизация жылдарында, сол кезеңнің тарихына «мәдени құрылыс» ретінде енген, мәдени сала инфрақұрылымы қалыптасып, қазақ халқы заманауи мәдениет түрлерімен танысты. Бүгінгі таңда Қазақстанның мәдени ландшафты кеңестік кезеңде қалыптасқан театрлар, кино, мұражайлар, филармониялар сияқты дәстүрлі мәдени институттармен ғана емес, сонымен қатар Наурыз мейрамы, Домбыра күні, ұлттық киімдер күні сияқты ұлттық мерекелер мен әдет-ғұрыптардың жаңғыруы және танымал болуымен сипатталады. Бұл үдерістер ұлттық мәдениеттің сақталуы ғана емес, оны дамыту және күнделікті өмірде оның элементтерін насихаттаудың қажеттілігін айқындайды. Бізге осы мәселелердің кеңестік кезеңдегі шетелдік тарихнамада қалай көрініс тапқанын, ұлттық дәстүрлердің жаңғыру үдерістері талданған ба, қазақ халқының бірегейлігі мен өзіндік санасын нығайтудағы мәдениеттің рөлі зерттелген бе деген сұрақтарды талдау маңызды болып көрінеді.

Қазақстанның қазіргі мәдени саясаты Республикада тұратын барлық этностардың ұлттық мәдениетін сақтауға және дамытуға бағытталған, бұл осы үдерістердің кеңестік кезеңдегі шетелдік зерттеулерде қалай көрініс тапқанын терең зерттеудің маңыздылығын ерекше көрсетеді. Осы тұрғыда шетелдік тарихнаманы талдау тек қолданыстағы зерттеулердегі олқылықтарды анықтауға көмектесіп қана қоймай, Қазақстанның мәдени мұрасын зерттеудің жаңа тәсілдерін қалыптастыруға ықпал етеді. Кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы мәдени үдерістерді шетелдік тарихнама контекстінде зерттеу қазіргі ғаламдану жағдайында және мәдени дәстүрлердің көптүрлілігіне деген қызығушылықтың артуымен ерекше маңызға ие болуда. XX ғасырдың екінші жартысы батыс тарихнамасында мәдени тарихтың методологиялық тәсілдерінің кең таралуымен белгіленді, бұл мәдени құбылыстар мен үдерістерді зерттеуге жаңа көзқарас әкелді. Мәдени тарих пәнаралық бағыт ретінде бірегейлік, ұлттық өзіндік сана, билік пен мәдениеттің өзара әрекеттестігі, сондай-ақ идеологиялық қондырғылардың мәдени практикаға әсері мәселелерін қайта қарауға мүмкіндік берді.

Бүгінгі күні шетелдік тарихнамада кеңестік мәдениетті, соның ішінде Қазақстан сияқты бұрынғы Кеңес Одағы республикаларындағы мәдени

үдерістерді зерттеудің дәстүрлі тәсілдерін қайта қарау үрдісі байқалады. Соған қарамастан, Қазақстандағы кеңестік мәдениетке арналған еңбектер саны салыстырмалы түрде аз болып қалып отыр, бұл қолданыстағы зерттеулердің кешенді талдауын жүргізу және әлі жеткілікті деңгейде қарастырылмаған аспектілерді анықтау қажеттілігін тудырады.

Біздің зерттеуіміз шетелдік ғалымдардың Қазақстан тарихына деген қызығушылығының артуы аясында ерекше өзектілікке ие болуда. Соңғы жылдары еліміздің тарихы мен мәдениетінің түрлі аспектілеріне арналған жарияланымдар санының өсуін байқауымыз. Бұл жұмыстар кеңестік кезеңдегі Қазақстанда болған мәдени үдерістерді түсінуге елеулі үлес қосады, алайда олардың көбісі ғылыми талдау мен сыни ой елегінен өткізуді қажет етеді. Жыл сайын жаңа зерттеулер санының артуы жағдайында, осы жұмысымыздың өзектілігі айқын болуда: ол Қазақстанның мәдени мұрасын тереңдетіп зерттеуге, сондай-ақ қолданыстағы тарихнамалық еңбектердегі кемшіліктер мен олқылықтарды анықтауға ықпал етеді.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Ұлттық мәдениет – халық өмірінің айнасы, оның болмысының көрінісі, ал елдің рухани дамуы ұлттық өзіндік сананың дамуымен тікелей байланысты» [1]. Бұл сөздер қазіргі ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастырудың негізгі элементі ретінде мәдени мұраны сақтаудың және зерттеудің маңыздылығын ерекше көрсетеді.

Қазіргі тарихи ғылым мен тарихнама дәстүрлі көзқарастардың өзгеруі мен Еуропаның интеллектуалдық мәдениетінде Ағарту дәуірінен бастап қалыптасқан стереотиптердің қайта қаралуының қарқынды кезеңін бастан кешіруде. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басында тарихты зерттеудің жаңа тәсілдерімен қатар, өткеннің монолитті және біржақты емес екендігі, керісінше, әрқайсысы мәдени контекст пен зерттеу методологиясына негізделген көптеген интерпретациялары бар екендігі туралы түсінік қалыптасты. Осы мағынада кез келген тарихи дискурс қолданыстағы тұжырымдамалар мен мектептердің күшті және әлсіз жақтарын ғана емес, сонымен қатар тарихи білімнің көпқабаттылығын, оның мәдени, әлеуметтік және саяси факторларға тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді.

Танымал ресейлік тарихшы Л.П. Репина атап өткендей, тарихты зерттеудің қазіргі тәсілдері «тарихи өткеннің ғылыми картинасын десакрализациялауға» мүмкіндік береді [2], бұл түптеп келгенде сананы иллюзиялар мен қателесулерден босатуға, жаңа мағыналарды іздеуге және түсіндіруге, тарихи ғылымның өзін теориялық жаңартуға әкеледі. Бұл біздің зерттелетін шындық туралы білімімізді кеңейтеді, өткенде болған үдерістерді және олардың қазіргі уақытқа әсерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді.

Шетелдік тарихнаманы зерттеу процесінде алынған білімдер бұрын зерттелген материалды өзектендіруге, әртүрлі авторлардың көзқарастарын салыстыруға, аз зерттелген және қозғалып үлгермеген зерттеу мәселелерін бөліп көрсетуге, сондай-ақ тарихи зерттеудің техникасы мен методологиясымен танысуға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда, кеңестік кезеңдегі Қазақстандағы мәдени үдерістерге арналған еңбектерді талдау

ерекше маңызды болуда. Ол шетелдік зерттеушілердің мәдениеттің кеңестік жүйе жағдайындағы даму ерекшеліктерін қаншалықты объективті және толық көрсеткенін, олар қандай аспектілерді бөлгенін және қандай методологиялық тәсілдерді қолданғанын анықтауға мүмкіндік береді.

Аktуалдылықтың маңызды аспектілерінің бірі – қазақ халқының мәдениеті бай тамырлары мен өзіндік дәстүрлерге ие, ол ұлттық киімде, әдет-ғұрыптарда, салт-дәстүрлерде, музыкада және ақындардың шығармашылығында жарқын көрініс табады. Бұл ұлттық мәдениет элементтері ғасырлар бойы қазақ халқының ұлттық өзіндік санасы мен бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей: «Қазақ халқының төл мәдениетінің бастаулары дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында, музыкасы мен ақындардың шығармашылығында жатыр. Біздің мәдениетіміздің өзіндік ерекшелігі ұлттық киімде де жарқын көрініс табады» [3]. Бұл сөздер кеңестік кезеңдегі Қазақстанның ұлттық мәдениеті шетелдік зерттеулерде қалай көрініс тапқаны және осы бай мәдени мұраның қандай аспектілері шетелдік ғалымдардың назарын аударғанын зерттеудің маңыздылығын ерекше көрсетеді.

Сонымен қатар, қазіргі жағдайларда шетелдік авторлардың Қазақстандағы мәдениеттің дамуына кеңестік идеология мен саясаттың әсерін қаншалықты ескергенін зерттеу маңызды болып табылады. Кеңестік жүйе мәдениет те кіретін өмірдің барлық аспектілеріне елеулі ықпал етті, ал осы әсердің шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде қалай көрініс тапқаны Қазақстан мәдениетінде сол кезеңде болған күрделі үдерістерді тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Шетелдік авторлар кеңестік шындық жағдайында ұлттық дәстүрлерді сақтау, орыстандыру және ассимиляция үдерістерін қалай бағалағанын, сондай-ақ осы үдерістердің қазақ мәдениетінің дамуына қалай әсер еткенін талдау маңызды.

Осы жұмыстың мақсаты – ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы шетелдік тарихнамада кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті тарихын зерттеу. Зерттеу Қазақстан мәдениеті, оның тарихының ажырамас бөлігі ретінде, шетелдік академиялық ортада қалай бейнеленгенін, интерпретацияланғанын және түсінілгенін егжей-тегжейлі көрсетуге бағытталған.

Осы мақсатқа жету үшін зерттеуде келесі міндеттер қойылады:

1. ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы шетелдік тарихнамада кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетін зерттеудің институционалдық тәсілдерінің эволюциясын қарастыру.

2. Идеологиялық факторлар мен ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы геосаяси контекстінің әсерін ескере отырып, шетелдік тарихнаманың кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетін зерттеу тәсілдерінің эволюциясын зерттеу.

3. ХХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХІ ғасырдың басындағы шетелдік тарихшылардың Қазақстан мәдениетінің орыс-кеңестік ықпал контекстіндегі трансформациясына қатысты көзқарастарын талдап, жүйелеу.

4. Кеңестік режим жағдайында қазақ халқының мәдени бірегейлігін сақтаудағы исламның рөлі туралы XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік зерттеушілердің интерпретациясын сипаттау.

5. Қазақстандағы кеңестік тіл саясатына қатысты шетелдік зерттеушілердің интерпретацияларын талдау, оған сауатсыздықты жою науқаны, әліпби реформасы, қазақ тілінің орыстандырылуы және қос тілділік саясаты кіреді, сондай-ақ олардың қазақ халқының ұлттық бірегейлігін қалыптастыруға әсерін зерттеу.

6. Кеңестенуден тәуелсіздікке дейінгі Қазақстандағы мәдени үдерістердің интерпретациясын XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік зерттеушілердің еңбектерінде талдау, ұлттық бірегейліктің трансформациясына, мәдени элиталардың рөліне және кеңестік мұраны қайта ойлауға ерекше назар аудару.

7. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнамада кеңестік кезеңдегі қазақстандық кинематографияның қабылдануы мен бағалануының эволюциясын ашуға тырысу.

Біздің зерттеуіміздің объектісі – XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы кеңестік Қазақстан мәдениеті тарихына арналған шетелдік авторлардың еңбектері.

Зерттеу пәні – XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнамадағы кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті тарихының интерпретациясы.

Осы диссертацияның ғылыми жаңалығы қазіргі уақытта Қазақстан тарихнамасында кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениеті тарихына арналған шетелдік зерттеушілердің еңбектерін талдайтын арнайы жұмыстардың жоқтығымен анықталады. Бұл осы диссертацияның ғылыми жаңалығын құрайды.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы сондай-ақ онда алғаш рет кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдени дамуына қатысты батыс авторларының көзқарастарының салыстырмалы қарастырылуы жүзеге асырылуымен анықталады. Мұндай зерттеу мәдени үдерістерді талдаудағы тәсілдердің айырмашылығын анықтап қана қоймай, сонымен бірге кеңестік билік жағдайында мәдени бірегейліктің қалыптасуына сыртқы және ішкі факторлардың ықпалын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы тәсілді қолдану Қазақстанның мәдени тарихын ой елегінен өткізу үшін жаңа көкжиектерді ашатын тарихи дамудың тұтас картинасын жасауға көмектеседі.

Зерттеу тарихи-философиялық тәсілге негізделеді, ол Қазақстандағы мәдени үдерістерді батыс авторларының тарихсофиялық зерттеулері арқылы қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай тәсіл реттелген және құрылымдалған тарихи шындықты құруға ықпал етеді, мұнда бытыраңқы фактілер аймақтың мәдени дамуының біртұтас картинасын құрайды. Бұл тарихқа тар этникалық және оқшауланған көзқарасты еңсеруге, жалпы адамзаттық құндылықтар мен тарихи процестің бірлігінің маңыздылығын атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Жұмыста ұсынылған батыс тарихнамасының талдауы тарихи сананы кеңестік кезеңде қалыптасқан стереотиптер мен идеологиялық

құрылымдардан босатуға бағытталған. Бұл зерттеу тарихи өткенді қайта ойлауға үлес қосады, тарихты қабылдауға әсер етуді жалғастыратын, бірақ қазір этноцентризм мен діни радикализмнің жаңа формасында көрінетін риторикадан босатуға ықпал етеді. Батыс методологиялық тәсілдерін қолдану мәдени үдерістерді талдауда үлкен дәлдік пен жан-жақтылыққа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Осылайша, бұл зерттеу кеңестік кезеңдегі Қазақстанның мәдени дамуына жаңа көзқарас ұсынады, оны дәстүрлі ұлттық нарратив шеңберінен шығарып, тарих пен қазіргі уақыттың бірлігін түсінудің жаңа перспективаларын ашады. Бұл тәсіл мәдени үдерістерді неғұрлым объективті және жан-жақты қабылдауға ықпал етеді, бұл зерттеуді тарихи ғылымның дамуына маңызды үлес етеді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар.

1. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетін шетелдік зерттеулердің институционалдық дамуы советология шеңберіндегі идеологиялық тұрғыдан шартталған интерпретациялардан неғұрлым кешенді және пәнаралық талдауға өтумен сипатталады. Бұл процесс ғылыми тәсілдердің эволюциясын ғана емес, сонымен қатар жаһандық геосаяси ландшафттағы өзгерістерді де көрсетеді. Зерттеу Қазақстан мәдениеті шетелдік тарихнамасының дамуында үш негізгі кезеңді анықтайды:

1) 1950-1970-жылдар: "суық соғыс" контексінде негізгі тұжырымдамалардың қалыптасуы және КСРО-ның ұлттық саясатын талдау.

2) 1980-жылдар - 1990-жылдардың басы: зерттеулер тақырыбының кеңеюі, этникалық бірегейлік және ислам факторы мәселелерінің енгізілуі, Орталық Азияны зерттеудің аймақтық мектептерінің дамуы.

3) 1990-жылдардың ортасынан бастап: тәуелсіз Қазақстандағы мәдени жаңғыру және мемлекет құру үдерістеріне зерттеулердің қайта бағдарлануы, түрлі ұлттық мектептер мен тәсілдердің интеграциясы.

Талдау көрсеткендей, бастапқы саясилануға қарамастан, кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетін шетелдік зерттеулер мәдени, әлеуметтік және экономикалық үдерістерді неғұрлым объективті және терең түсінуге қарай эволюцияланды, бұл Қазақстанның мәдени мұрасы мен дамуы туралы әлемдік тарихнамада тұтас көріністің қалыптасуына ықпал етті.

2. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басында кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің шетелдік тарихнамасы геосаяси жағдайдың өзгеруі және идеологиялық шектеулерді еңсеруге байланысты күрделі трансформация жолынан өтті. Зерттеу тәсілдерінің эволюциясы "суық соғыс" кезеңінің ерте советологиясына тән тоталитарлық модельдің үстемдігінен, колониализм және модернизация концепциясына негізделген, посткеңестік кезеңдегі неғұрлым кешенді және пәнаралық талдау әдістеріне өтумен сипатталады. Бұл процесс зерттеулердің біртіндеп деполитизациялануымен, дереккөз базасының кеңеюімен және Қазақстандағы мәдени үдерістерді зерттеудегі жаңа перспективалардың дамуымен қатар жүрді.

Кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетін қазіргі шетелдік зерттеулер тарихи үдерістерді неғұрлым объективті және терең түсінуге ұмтылысымен ерекшеленеді, ол кеңестік жүйенің ықпалын да, қазақ қоғамының жергілікті даму ерекшеліктерін де ескереді. Бұл бірегейлік, ұлттық құрылыс және мәдени трансформация мәселелеріне артқан назарда, сондай-ақ кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінде дәстүрлі және жаңғыртушы элементтердің өзара әрекеттесуін тереңірек талдауда көрінеді.

Ерте советологиялық парадигмалардың шектеулерін еңсеру Қазақстандағы мәдени үдерістерді зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашты, бұл кеңестік мұраға және оның қазіргі қазақстандық мәдениеттің дамуындағы рөліне неғұрлым теңгерімді көзқарастың қалыптасуына ықпал етті.

3. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнама кеңестік кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің трансформациясын күрделі және қайшылықты процесс ретінде қарастырады, ол орыс-кеңестік мәдениеттің терең ықпалымен қатар, ұлттық бірегейліктің элементтерінің сақталуымен сипатталады. Шетелдік тарихшылардың еңбектерінде бұл процесс бірнеше негізгі аспектілер призмасы арқылы интерпретацияланады:

1) “Кеңестік адам” концепциясының жүзеге асырылуы, ол бір жағынан унификацияланған бірегейлікті құруға ұмтылды, ал екінші жағынан — қарсылық пен ұлттық өзіндік ерекшелікті сақтауға деген талпыныспен бетпе-бет келді.

2) Әдеби дәстүрдің трансформациясы, ауызша эпостан социалистік реализмнің жазбаша әдебиетіне өту арқылы көрінді, бұл дәстүрлі мәдени мұраны байытуға да, ішінара жоғалтуға да әкелді.

3) Демографиялық өзгерістер, «кеңес халқының сарғаюы» деп аталған, олар жаңа әлеуметтік-саяси сынақтар туғызды және этносаралық қатынастарға әсер етті.

4) Кеңестік жаңғырту мен ұлттық бірегейлікті сақтаудың арасындағы қайшылықтар, олар қоғамдық өмір мен мәдениеттің түрлі салаларында көрініс тапты.

5) Тарихи оқиғалардың ресми интерпретациясының эволюциясы, атап айтқанда, Ресейдің Орталық Азияны жаулап алуын бағалау, ол кеңестік ұлттық саясаттағы өзгерістерді көрсетті.

Шетелдік тарихшылар бұл үдерістерді Қазақстан мәдениетіне орыс-кеңестік ықпалдың ұзақ мерзімді салдарын анықтаған негізгі факторлар ретінде қарастырады, олар кеңестік жаңғырту элементтері мен дәстүрлі құндылықтарды біріктіретін бірегей мәдени ландшафт қалыптастырды. Бұл синтез, шетелдік зерттеушілердің пікірінше, қазақ халқының посткеңестік бірегейлігін қалыптастыруда маңызды рөл атқаруды жалғастырып, қазіргі Қазақстандағы мәдени және әлеуметтік-саяси үдерістерді анықтайды.

4. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнама Қазақстандағы “кеңестік ислам” феноменін зерттей отырып, мәдени қарсылық пен бейімделудің бірегей механизмін анықтады, ол қазақ халқына кеңестік атеистік режим жағдайында өзінің діни және ұлттық бірегейлігін сақтауға мүмкіндік берді. Батыс зерттеушілері ресми

антирелигиоздық саясат пен репрессияларға қарамастан, ислам Қазақстанда таза діни сала шегінен шығып, көпфункционалды әлеуметтік-мәдени институтқа айналғанын атап көрсетеді. Ол ұлттық дәстүрлерді сақтаудың, орыстандыру мен кеңестенуге қарсы тұрудың құралына, сондай-ақ “параллельді” азаматтық қоғамды қалыптастырудың факторы болды. Қазақ исламының икемділігі мен бейімделгіштігі, дәстүрлі нанымдар элементтерін исламдық догматикамен біріктіретін синкретикалық сипаты, оған кеңестік режим жағдайында өмір сүруге және қоғамға ықпалын сақтауға мүмкіндік берді. Шетелдік тарихшылар бұл мәдени қарсылық пен ымыраға келу тәжірибесі Қазақстандағы исламдық дәстүрдің сабақтастығын қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар посткеңестік кезеңде діни өмірдің жаңғыруының негізін қалады деп атап өтеді, бұл тәуелсіз Қазақстандағы дін мен мәдениет саласындағы қазіргі үдерістерді түсіну үшін маңызды.

5. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнама Қазақстандағы кеңестік тіл саясатын жаңа кеңестік бірегейлікті құруға бағытталған кешенді әлеуметтік-мәдени трансформация құралы ретінде қарастырады. Батыс зерттеушілері сауатсыздықты жою науқанын, әліпби реформасын, қазақ тілінің орыстандырылуын және қос тілділік саясатын тек білім беру және лингвистикалық шаралар ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанды біртұтас кеңестік мәдени кеңістікке интеграциялау бойынша кеңестік стратегияның негізгі элементтері ретінде интерпретациялайды. Сонымен қатар, шетелдік тарихшылар осы саясаттың қайшылықты сипатын атап көрсетіп, оның дәстүрлі қазақ мәдениетінің трансформациясына және кеңестік идеология мен этникалық тамырлардың арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысқан жаңа ұлттық бірегейліктің қалыптасуына әсерін атап өтеді. Шетелдік тарихнамадағы мұндай тәсіл Қазақстандағы кеңестік тіл саясаты, мәдени өзгерістер және ұлттық құрылыс үдерістерінің арасындағы күрделі динамиканы ашуға мүмкіндік береді.

6. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнама кеңестік және посткеңестік Қазақстандағы мәдени үдерістерді кеңестік мұра мен бірегей ұлттық бірегейлікті құруға ұмтылыстың арасындағы күрделі өзара әрекеттестік ретінде қарастырады. Батыс зерттеушілері қазақ мәдениеті мен әдебиетін институционализациялаудағы кеңестік саясаттың шешуші рөлін атап көрсетеді, бұл қазіргі қазақ бірегейлігін түсінудің негізін қалады. Сонымен қатар, олар бұл үдерістің қайшылықты сипатын атап өтеді, оған ұлттық мәдениетті дамыту, сондай-ақ дәстүрлі өзін-өзі білдіру формаларын басу кірді.

Посткеңестік кезеңде шетелдік тарихшылар Қазақстанның мәдени элиталары тарапынан тарихи тұлғалар мен оқиғаларды белсенді қайта ойлауды, жаңа ұлттық символдар мен нарративтердің құрылуын тіркейді. Әйелдердің ұлттық мәдениетті сақтаудағы және дамытудағы рөліне, гендерлік қатынастардың трансформациясына ерекше назар аударылады. Постколониалдық теорияның Қазақстандағы кеңестік тәжірибеге қолданылуы туралы пікірталастар аймақтағы мәдени үдерістердің күрделілігі мен екіұштылығын көрсетеді.

Шетелдік зерттеушілер кеңестік жаңғырту жобасының элементтерін тәуелсіз ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың посткеңестік талпыныстарымен біріктіретін Қазақстанның мәдени трансформация тәжірибесінің бірегейлігін атап көрсетеді. Бұл тәжірибе посткеңестік кеңістіктегі мәдени трансформация және ұлттық құрылыс үдерістерін кеңінен түсіну үшін маңызды жағдай ретінде қарастырылады.

5. XX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнама Қазақстандағы кеңестік тіл саясатын жаңа кеңестік бірегейлікті құруға бағытталған кешенді әлеуметтік-мәдени трансформация құралы ретінде қарастырады. Батыс зерттеушілері сауатсыздықты жою науқанын, әліпби реформасын, қазақ тілінің орыстандырылуын және қос тілділік саясатын тек білім беру және лингвистикалық шаралар ретінде ғана емес, сонымен қатар Қазақстанды біртұтас кеңестік мәдени кеңістікке интеграциялау бойынша кеңестік стратегияның негізгі элементтері ретінде интерпретациялайды. Сонымен қатар, шетелдік тарихшылар осы саясаттың қайшылықты сипатын атап көрсетіп, оның дәстүрлі қазақ мәдениетінің трансформациясына және кеңестік идеология мен этникалық тамырлардың арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысқан жаңа ұлттық бірегейліктің қалыптасуына әсерін атап өтеді. Шетелдік тарихнамадағы мұндай тәсіл Қазақстандағы кеңестік тіл саясаты, мәдени өзгерістер және ұлттық құрылыс үдерістерінің арасындағы күрделі динамиканы ашуға мүмкіндік береді.

6. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы шетелдік тарихнама кеңестік және посткеңестік Қазақстандағы мәдени үдерістерді кеңестік мұра мен бірегей ұлттық бірегейлікті құруға ұмтылыстың арасындағы күрделі өзара әрекеттестік ретінде қарастырады. Батыс зерттеушілері қазақ мәдениеті мен әдебиетін институционализациялаудағы кеңестік саясаттың шешуші рөлін атап көрсетеді, бұл қазіргі қазақ бірегейлігін түсінудің негізін қалады. Сонымен қатар, олар бұл үдерістің қайшылықты сипатын атап өтеді, оған ұлттық мәдениетті дамыту, сондай-ақ дәстүрлі өзін-өзі білдіру формаларын басу кірді.

Посткеңестік кезеңде шетелдік тарихшылар Қазақстанның мәдени элиталары тарапынан тарихи тұлғалар мен оқиғаларды белсенді қайта ойлауды, жаңа ұлттық символдар мен нарративтердің құрылуын тіркейді. Әйелдердің ұлттық мәдениетті сақтаудағы және дамытудағы рөліне, гендерлік қатынастардың трансформациясына ерекше назар аударылады. Постколониалдық теорияның Қазақстандағы кеңестік тәжірибеге қолданылуы туралы пікірталастар аймақтағы мәдени үдерістердің күрделілігі мен екіұштылығын көрсетеді.

Шетелдік зерттеушілер кеңестік жаңғырту жобасының элементтерін тәуелсіз ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың посткеңестік талпыныстарымен біріктіретін Қазақстанның мәдени трансформация тәжірибесінің бірегейлігін атап көрсетеді. Бұл тәжірибе посткеңестік кеңістіктегі мәдени трансформация және ұлттық құрылыс үдерістерін кеңінен түсіну үшін маңызды жағдай ретінде қарастырылады.

7. Кеңестік кезеңдегі қазақстандық кинематографияның шетелдік тарихнамадағы қабылдауы елеулі эволюциядан өтті: кеңес киносының контексінде маргиналдық құбылыстан бастап әлемдік киноөнердің танылған феноменіне дейін. Бұл процесс тек қазақстандық кинематографияның дамуын ғана емес, сондай-ақ Батыстың бұрынғы КСРО мәдениеттерін зерттеуге деген көзқарасының өзгеруін де көрсетеді. Шетелдік зерттеушілер қазақстандық киноның дамуында бірнеше негізгі кезеңдерді бөледі: 1920-жылдардағы "Востоккино" алғашқы қадамдарынан бастап, 1980-жылдардың соңы мен 1990-жылдардың басында пайда болған "Қазақ жаңа толқынына" дейін. 1970-1980-жылдар кезеңіне ерекше назар аударылады, ол ұлттық киноөнердің гүлденуі мен кинематографиялық қауымдастық пен жергілікті көрермендер арасындағы өсіп келе жатқан алшақтықтың парадоксалды үйлесімімен сипатталады. "Қазақ жаңа толқыны" феномені кеңестік кезеңдегі қазақстандық кинематографияның даму шыңы және бір уақытта тәуелсіздік дәуіріне өтудің белгісі ретінде қарастырылады. Батыс тарихшылары қазақстандық киноны зерттеу кеңестік жүйе мен посткеңестік өтпелі кезең жағдайында ұлттық бірегейліктің қалыптасу үдерістерін, сондай-ақ КСРО-дағы ұлттық мәдениеттер мен өнерді басқарудың орталықтандырылған жүйесінің арасындағы өзара әрекеттесу механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді деп атап көрсетеді.

Осы диссертацияның ғылыми-практикалық маңыздылығы оның академиялық және саяси салалардағы көпқырлы қолданылуында жатыр.

Академиялық контексте зерттеу кеңестік кезеңдегі Қазақстан мен Орталық Азияның тарихын зерттеуді байытып, кеңестік дәуірдегі мәдени үдерістердің жан-жақты талдауын ұсынады. Зерттеу нәтижелері республикадағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және сақтау мәселелері бойынша әрі қарайғы жұмыстар үшін, сондай-ақ мемлекет құрылысы, академиялық қауымдастық және мәдени жұртшылық арасындағы өзара әрекеттестікті талдау үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл шетелдік тарихнамаға, XX ғасырдағы Қазақстан мәдениеті тарихына және ұлттық бірегейлікті жаңғырту мен сақтаудағы тіл мен білімнің рөліне арналған жоғары оқу орындарындағы жаңа пәнаралық курстар мен оқу бағдарламаларын әзірлеу мүмкіндіктерін ашады.

Саяси салада диссертацияның нәтижелері ұлттық бірегейлікті қалыптастыру және нығайту міндеттеріне тап болған посткеңестік мемлекеттер үшін құнды бағдар бола алады. Зерттеу осы үдерістің күрделілігі мен ықтимал шиеленістерін түсінуге көмектеседі және мәдени көптүрлілікті және әлеуметтік бірлікті қолдауға бағытталған стратегияларды әзірлеуде саясаткерлер үшін нұсқаулық бола алады. Тіл саясаты мен білім беру реформаларының ұлттық бірегейлікке әсері туралы тұжырымдар педагогтар мен оқу бағдарламаларын жасаушылар үшін пайдалы болуы мүмкін, неғұрлым инклюзивті және тиімді білім беру жүйелерін құруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, зерттеуде қолданылған егжей-тегжейлі дереккөздер базасы мен методологиялар ұқсас салаларда немесе аймақтарда басқа ғылыми жұмыстар үшін негіз бола алады, болашақ зерттеулерді жүргізуді жеңілдетеді.

Диссертацияны дайындау барысында алынған материалдар мен тұжырымдар Қазақстанның мәдени тарихын, тарихнамасын және ұлттық бірегейлік мәселелерін зерттеуге байланысты курстарды әзірлеу кезінде пайдалануды ұсынады.

Жұмыстың құрылымы. Жұмыс проблемалық-хронологиялық принцип бойынша құрылған және кіріспеден, 3 тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған дереккөздер мен әдебиеттер тізімінен тұрады.

Түйінді сөздер: Шетелдік тарихнама, Қазақстан мәдениеті, кеңестік кезең, мәдениет тарихнамасы, мәдени трансформация, ұлттық бірегейлік, кеңестік жаңғырту, орыс-кеңестік ықпал, ислам факторы, тіл саясаты, қазақ кинематографиясы, посткеңестік зерттеулер, пәнаралық тәсіл, мәдени тарих, советология.